№4 дәріс. Тілдік концепттер және олардың мәдени аспектілері

Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың кешенді түрде зерттелуіне батыс еуропалық ғалымдар В.фон.Гумбольдт, Ф.Баос, Э.Сепир, Б.Л.Уорфтар, Л.Вайсгербер т.б. зерттеушілердің «антороцентризмді» дәстүрлі көне проблемаларға жаңаша көзқарас тұрғысынан және лингвофилософиялық жаңа тәсілдерді қолдану арқылы адам мүмкіндігіндегі тіл, мәтін бірліктерін арнайы объект ретінде қарастыруымен ерекшеленеді.

Антропоцентристік парадигма және оның біршама бағыттарының тамыры батыс еуропа мен америка лингвистикасында жанданғандығы бүгінгі таңда тіл білімінде басы ашық мәселе болғанымен, бірақ бұл жөнінде ғалым Э.Сулейменова өз зерттеуінде антропоцентризм идеясындағы мағына мен форманың, тіл мен ойлаудың өзара сабақтастығы еуропа мен америкадан бұрын орта ғасырлық араб лингвистикасынан бастау алады дегенді айтады [8]. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның бірлігін сабақтастықта қарастыру идеясы XVIII–XIX ғғ. ғалымдар еңбектерінен орын алып, қазіргі таңда қоғамдық факторлардың негізінде тілді антропоцентристік парадигма аясында зерттеу бағытымен жалғасты. Тіл білімі тарихында антропоцентристік парадигманың негізгі концепциясының берік орнығуы XX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Осы мәселеге қатысты Дж. Брунер тіл білімі тарихында екі дүркін қайталанған когнитивтік революцияның ерекшелігіне айрықша тоқталады. Ондағы бірінші когнитивтік революция 50- жылдары тілдің қолданбалы моделін жасақтаумен байланыстырады. Бұл проблема кейінірек тілдік құбылыстардың шын мәнісінде оңайлықпен бағына қоймайтын күрделі құрылым екендігі анықталды. Ғалымның пікірінше бірінші когнитивтік революцияның соңы екіұдай нәтижелі көзқарасты туғызды. Себебі адамтану ғылымының бір арнасы компьютерлік 9 модель жасауға негізделсе, енді бірі лингвистиканы психологиямен, мәдени антропологиямен және басқа да гуманитарлық ғылым салаларымен біріктіруді көздеді.

Соңғы ғылыми тұжырым кейіннен когнитивтік революцияның екінші мәрте қайталану жағдайына айналды (XX ғ. 60 жж.) [9, 37 б.].

Антропоцентризм термині адами қызметтің орнын көрсетуден туындап, ақиқат әлемді тануда және оған өзгеріс енгізе алатын адамға тән бірегей қасиеттер мен сапалардың абстракцияланып, оның жалпылану ерекшеліктерінің шоғыры деген түсінікті білдіреді. Тілдегі адам болмысын қарастыруда Ю.С.Степанов пен Э.Бенвенистің «тілдегі адам» тұжырымдамасы еуропалық тіл білімінің, негізінен орыс және француз лингвистикалық мектептерінің «айтарлықтай терең, әрі түбегейлі ойластырылған дәстүрлері негізінде қалыптасқан» [10, 50-51 б.].

Академик Л.В.Щерба XX ғасырдың 40-жылдарында «антропологиялық принцип» дегенді нақты атап көрсетпегенімен, бұл ғылыми бағытты лексикологиялық материалдар лексикалық бірліктер арқылы түсіндірген болатын. Э.Бенвенист тұжырымдамасындағы «антропоцентризм» мәселесін

Баос, Э.Сепир, Б.Уорф секілді ғалымдар шоғыры бір ізділікті сақтауынан «антропологиялық әдіс» біршама уақыт аралығында өзінің эмпирикалық деректер негізінде ғылыми айналымға түсер күнін күтумен болғаны тіл білімі тарихынан белгілі. Себебі сол өткен уақыттардағы қоғамдық ғылымдар жүйесіне деген стандартты қатқыл көзқарас, XX ғасырдағы «тіл – адами қарым-қатынастың формасы ғана» деген тенденция шынайы концептуалды ғылыми методологияға құрылмаған болатын. Антропоцентристік парадигмадағы В. фон Гумбольдт пен Э.Бенвенисттің тіл біліміндегі лингвофилософиялық идеяларын бүгінгі күннің тезіне (талғамына) салып, әлеуметтік-антропологиялық, мәденифилософиялық материалдар арқылы ғылыми айналымға кеңінен енгізген ғалым А.Вежбицкая екендігін көпшілік ғалымдар атап өтуде.

Тілдегі жаңа бағыттарға қатысты мәселеге қатысты Б.Момынова: «Антропоцентризм лингвистиканы ғылымның басқа салаларымен, тармақтарымен жақындастырады. Себебі антропоцентристік бағыт тілді адам арқылы зерттеуді, зерттеудің басты тұлғасын адам етіп алуды мұрат тұтады. Ал адамның әртүрлі іс-әрекетін, оның бүкіл болмысын зерттеуді тек лингвистика ғана емес, ірі, іргелі ғылым салаларының бәрі де бағыт-бағдар етіп алып отырғаны – бүгінгі күннің шындығы. Дүниедегі түрлі құбылыстарға сараптама жасау адамнан басталады, **АДАМ** зерттеудің бастау-көзі болып саналады, сөйтіп адам сараптама жасау процесіне тартылады және тек қана адам сараптаудың келешегі мен түпкі мақсатын белгілеуші бастапқы және соңғы нүктесіне айналады.